



# АТАМЕКЕН

JAMBYL AÝDANDYQ QOǴAMDYQ-SAIASI, ÁLEÝMETTIK-EKONOMIKALYQ BASYLYM

Газет 1932 жылдан  
бастап шығады

www.atamekengazeti.kz

Атамекен Газеті

@atameken\_press

atameken1932@bk.ru



Заң мен тәртіп

## Бала қауіпсіздігі – қоғамның ортақ жауапкершілігі



бірлесі атқарылған жүйелі жұмыс қана нақты нәтиже береді.

Ал Жамбыл АПБ Қоғамдық қауіпсіздік бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Сырым Әшімханов жасөспірімдер арасында жиі кездесетін құқық бұзушылық түрлеріне тоқталып, соңғы уақытта кәмелетке толмағандардың мотоцикл мен мопед басқаруына байланысты жол-көлік оқиғаларының көбейіп отырғанын жеткізді. Ол бұл бағыттағы заң талаптарының қатаң екенін ескертіп, ата-аналар мен оқушыларды қауіпсіздік шараларын қатаң сақтауға шақырды.

Сондай-ақ Жамбыл аудандық Төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкері Нұрбол Абуов өрт және

тұрмыстық қауіпсіздік ережелері жөнінде түсіндірме жұмысын жүргізе, Жастар ресурстық орталығының жетекшісі Досалы Балжан жастарды заңға бағынуға, тәртіпті болуға және саналы азамат ретінде қалыптасуға үнелді.

Осы бағытта Қайназар №1 орта мектебінде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Т.Байдәулетовамен Ж.Шалбаеваның ұйымдастыруымен «Бала тәрбиесі – ортақ жауапкершілік» тақырыбында семинар өтті. Бұл іс-шараға ата-аналар мен 9-11 сынып оқушылары қатысты.

Шара барысында мектеп директоры Анар Айдымбаева семинардың мақсатымен таныстырды. Жамбыл аудандық білім бөлімінің әдіскері Ләззат

Смағұлова, аудандық полиция бөлімінің кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекторы, полиция лейтенанты Муслим Муштаков, полиция аға лейтенанты Дастан Акишев, Қарасу ауылдық округі әкімінің орынбасары Қуаныш Сырлыбаев оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, ата-ананың жауапкершілігі және буллингтің алдын алу мәселелері бойынша кеңінен түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Шара барысында спикерлер тәртіп пен қауіпсіздік тек білім ордасының ғана емес, ең алдымен отбасының ортақ жауапкершілігі екенін атап өтті. Баланың жарқын болашағы үшін ата-ана, ұстаз және қоғам бірлесіп әрекет етуі қажет екені баса айтылды.

Сонымен қатар қатысушыларға «Қабырға артындағы өмір» атты арнайы дайындалған бейнеролик көрсетіліп, оның мазмұны бойынша пікір алмасу өтті.

Жиын соңында оқушыларға құқықтық сауаттылықты арттыру, зиянды әдеттерден аулақ болу, жол қозғалысы ережелері мен қоғамдық тәртіпті сақтау жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Кездесудің басты түйіні – балалардың қауіпсіздігі мен тәрбиесі тек мемлекетке ғана емес, ата-ана мен қоғамның әрбір мүшесіне ортақ міндет екендігі, сондықтан бұл бағыттағы жауапкершілік бірлескен іс-қимыл арқылы ғана нәтижелі болатыны аталып өтті.

А.Т.ТОҚТАСЫН  
АТАМЕКЕН

### 2026 жылғы 15 ақпанға тағайындалған

Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Үңгіртас ауылдық округі әкімі болуға тіркелген кандидаттар туралы қорытынды хабарлама

| № п/п | Аты-жөні                      | Туған жылы | Атқаратын лауазымы, жұмыс орны мен тұрғылықты жері   | Кім ұсынды немесе өзін-өзі ұсыну                  |
|-------|-------------------------------|------------|--|---|
| 1.    | Абдуали Даурен Нұрмуханбетұлы | 1987       | Үңгіртас ауылдық округінің әкімі. Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Үңгіртас ауылы.                  | «AMANAT» партиясы қоғамдық бірлестігінен ұсынылды |
| 2.    | Абдрахаев Мәжит Мырзахметұлы  | 1993       | Самсы ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы. Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы. | Өзін-өзі ұсыну тәртібі бойынша                    |
| 3.    | Конеев Айдос Хайролаевич      | 1985       | Жамбыл ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы. Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Жамбыл ауылы.  | Өзін-өзі ұсыну тәртібі бойынша                    |

Жамбыл ауданының аумақтық сайлау комиссиясы.

### ХАБАРЛАНДЫРУ

2026 жылғы қаңтардың 19-нан бастап Жамбыл ауданының аумақтық сайлау комиссияның орналасқан мекенжайы өзгергенін хабарлаймыз.

Бұрынғы мекенжай: Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы, Абай көшесі, № 53 (аудандық мәдениет үйінің ғимараты).

Жаңа мекенжай: Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы, Абай көшесі, № 47 («Жамбыл ауданының қаржы бөлімі» ММ ғимараты).

Отініштер мен өзге де байланыс кезінде осы ақпаратты ескерулеріңізді сұраймыз. Телефон нөмірі: 8 (72770) 2-41-08. **Жамбыл ауданының аумақтық сайлау комиссиясы.**

### СООБЩЕНИЕ

Сообщаем, что с 19 января 2026 года изменился адрес территориальной избирательной комиссии Жамбылского района.

Прежний адрес: Жамбылский район, село Узынагаш, улица Абая, № 53 (здание районного Дома культуры). Новый адрес: Жамбылский район, село Узынагаш, улица Абая, № 47 (здание ГУ «Отдел финансов Жамбылского района»).

Просим учитывать указанную информацию при направлении корреспонденции, а также при взаимодействии с комиссией. Номер телефона : 8 (72770) 2-41-08.

Территориальная избирательная комиссия Жамбылского района.

### Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Үңгіртас ауылдық округі әкіміне кандидат АБДУАЛИ ДӘУРЕН НҮРМҰХАНБЕТҰЛЫ



Мен, Абдуали Дәурен Нұрмуханбетұлы – 1987 жылғы 16 қыркүйекте Жамбыл ауданына қарасты Сарыбастау ауылында дүниеге келдім. 2009 жылы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетін «Тарих» мамандығы бойынша, 2015 жылы Тараз инновациялық-гуманитарлық университетін «Қаржы» мамандығы бойынша тамамдадым.

Еңбек жолымды 2010 жылы Ұзынағаш ауылдық округі әкімі аппаратында жетекші маман қызметінен бастап, бас маман, округ әкімінің орынбасары лауазымдарында жұмыс істедім. Әр жылдары Қарғалы, Беріктас ауылдық округтерінде, Қарасу ауылдық округі әкімінің орынбасары қызметтерін атқардым. 2018 жылдан бері Үңгіртас ауылдық округінің әкімі болып жұмыс істеп келемін. 2021 жылы округ әкімі болып сайландым.

2021-2025 жылдар аралығында округте бірқатар нақты жұмыстар жүзеге асты. Атап айтқанда, Көкқайнар, Сарыбастау, Ақдала ауылдарының ауыз су мәселесі шешілді. Көкқайнар ауылы толық, Үңгіртас және Сарыбастау ауылдарының көшелеріне жарық орнатылды. 2021 жылы Үңгіртас ауылында мәдениет үйі мен дәрігерлік амбулатория, Көкқайнар ауылында фельдшерлік пункт салынды. Үңгіртас мектебіне күрделі жөндеу жүргізілді. Үңгіртас ауылы табиғи газға қосылды. Көкқайнар мен Үңгіртас ауылдарының негізгі жолдары жөнделді. Байланыс станциялары орнатылды. Үш ауылға ортақ 1650 га жайылым жер бөлінді. Сондай-ақ, 4 саябақ ашылып, футбол алаңдары жөнделді.

Алдағы жоспарлар (2026–2029 жж.)

Сайлаушылар сенім білдірген жағдайда:

- 2026-2027 жылдары Көкқайнар ауылына табиғи газ тарту;
- 2026 жылы өлкетану мұражайын ашу;
- Су қоймаларында балық шаруашылығын дамытуға қолдау көрсету;
- 13 ішкі көшеге асфальт төсеу;
- Ауыл саябақтарын көгалдандыру;
- Ортақ жайылым жер көлемін ұлғайту;
- Балаларға арналған воркаут алаңдарын орнату;
- Футбол алаңдарын жөндеу;
- 2027-2028 жылдары спорт кешенін салу;
- 2028 жылы қоқыс полигонын толық жою;
- 2029 жылы Сарыбастау ауылының Самал көшесіне жарық орнатуға ықпал ету.

Негізгі бағыттар

- Инвестиция тарту арқылы жаңа жұмыс орындарын ашу;
- Ауыл шаруашылығы мен агроөнеркәсіпті дамыту;
- Кәсіпкерлерге қолдау көрсету;
- «Жер аманаты», «Ауыл аманаты», «Қарыссыз қоғам» бағдарламаларын іске асыру;
- Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күресуге үлес қосу.

Құрметпен, Абдуали Дәурен Нұрмуханбетұлы

### Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Үңгіртас ауылдық округі әкіміне кандидат АБДРАХАЕВ МӘЖИТ МЫРЗАХАНҰЛЫ



1993 жылғы 17 мамырда Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылында дүниеге келген. Білімі – жоғары.

2015 жылы Эль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін «Жерге орналас-тыру» мамандығы бойынша бітірген. Жоғары оқу орнында білім ала жүріп, жер қатынастары, ауыл шаруашылығы жерлерін тиімді пайдалану, аумақтарды жоспарлау бағыттары бойынша терең кәсіби дайындықтан өтті.

«AMANAT» партиясының мүшесі. Отбасылы, екі баланың әкесі.

Еңбек жолын мемлекеттік қызмет саласында бастаған. 2016 жылдың қыркүйек айынан бастап күні бүгінге дейін «Самсы ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бас маман қызметін атқарып келеді.

Қызмет атқару барысында жер қатынастары, елді мекендерді абаттандыру, инфрақұрылымды дамыту, тұрғындардың өтініштерімен жұмыс жүргізу, мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру бағыттарында мол тәжірибе жинақтады. Ауыл халқының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсартуға бағытталған жұмыстарға белсенді қатысып келеді. Округтің проблемаларын жақсы біледі және оларды шешудің нақты жолдарын ұсына алады.

#### БАҒДАРЛАМА ТЕЗИСТЕРІ

Алдағы уақытта елді мекеннің тұрақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында төмендегі бағыттарға басымдық беруді көздейді:

1. **Инфрақұрылымды дамыту**
  - Округ бойынша көше жолдарын кезең-кезеңімен күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге ықпал ету;
  - Жол қауіпсіздігін арттыру, жаяу жүргіншілерге қолайлы жағдай жасау;
  - Ауыл ішілік қатынасты жақсарту арқылы тұрғындардың өмір сапасын арттыру.
2. **Кәсіпкерлікті қолдау және экономиканы дамыту**
  - Орта және шағын бизнесті дамытуға жағдай жасау;
  - Мемлекеттік бағдарламалар аясында кәсіпкерлерге кеңес беру және қолдау көрсету;
  - Жаңа жұмыс орындарын ашуға ықпал ету арқылы жұмыссыздық деңгейін төмендету;
  - Ауыл экономикасын әртараптандыруға атсалысу.
3. **Елді мекендерді абаттандыру**
  - Ауылдарды көркейту және көгалдандыру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу;
  - Көше жарықтандыру желілерін орнату және кеңейту;
  - Санитарлық тазалықты сақтау, заңсыз қоқыс орындарының алдын алу;
  - Қоғамдық орындарды күтіп-ұстау мәдениетін қалыптастыру.
4. **Жастар саясаты және спорт**
  - Жастар арасында саламатты өмір салтын кеңінен насихаттау;
  - Ұлттық спорт түрлерін дамытуға қолдау көрсету;
  - Бұқаралық спорттық іс-шараларды ұйымдастыру;
  - Жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне жағдай жасау.

### Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Үңгіртас ауылдық округі әкіміне кандидат КОНЕЕВ АЙДОС ХАЙРОЛАҰЛЫ



1985 жылғы 23 шілдеде Жамбыл ауданы, Жамбыл ауылында дүниеге келген. Білімі – жоғары.

2008 жылы М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академия-сын «Экономика» мамандығы бойынша тамамдаған. Экономикалық жоспарлау, бюджеттік талдау және жергілікті даму бағыттары бойынша кәсіби білім алған.

«AMANAT» партиясының мүшесі. Отбасылы, бір баланың әкесі. 2017 жылдың қаңтар айынан бастап қазіргі уақытқа дейін Жамбыл ауданы әкімдігінің «Жамбыл ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ-де бас маман қызметін атқарып келеді. Қызмет барысында әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру, халықпен кері байланыс орнату, ауыл инфрақұрылымын дамыту және тұрғындардың өтініштерін қарау бағыттарында тәжірибе жинақтады. Ауыл халқының тұрмыс-тіршілігін жақсы біледі және жергілікті мәселелерді шешуге белсенді атсалысып келеді.

#### БАҒДАРЛАМА ТЕЗИСТЕРІ

1. **Әлеуметтік қолдау**
  - Атаулы әлеуметтік көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету;
  - Әлеуметтік осал топтарға жүйелі қолдау көрсету.
2. **Білім және мәдениет**
  - Білім беру мен мәдениет саласының дамуына ықпал ету;
  - Жастардың сапалы білім алуына және шығармашылық әлеуетін арттыруға жағдай жасау.
3. **Кәсіпкерлікті дамыту**
  - Шағын және орта бизнесті қолдау;
  - Жаңа жұмыс орындарының ашылуына ықпал ету.
4. **Ашық басқару**
  - Тұрғындардың ұсыныс-пікірлерін ескере отырып, жергілікті мәселелерді ашық әрі тиімді шешу;
  - Халықпен тұрақты кері байланыс орнату.
5. **Қауіпсіз және қолайлы орта**
  - Қоғамдық қауіпсіздікті нығайту;
  - Ауыл тұрғындары үшін қолайлы өмір сүру ортасын қалыптастыру.



Жамбыл – 180

# КӨРМЕДЕ КӨРІНГЕН АБЫЗ АҚЫН НЕМЕСЕ ЖАМБЫЛДЫҢ АЛҒАШҚЫ ФОТОСУРЕТІ

Фотосурет өнері – деректі мағынаның бейнелік көрінісін береді. Фотография (грек тілінен: фото – жарық, графо – сурет салды, жазды) – жарық арқылы сурет салу өнері. Бұл өнер бірден ашылған жоқ әрі оны бір адам емес, әртүрлі елдерден шыққан көптеген ғалымдар бірлесіп дамытты.

Ұлы бабамыздың бейнесін жарық пен жазуды үйлестіре алғаш суретке кім түсірді? Ол сурет қазақ даласына қалай жетті? Жамбыл бабаның фотосуреті неше жасында түсірілген? Міне, бүгін әңгіме осы жайында болмақ.

Қазақ елі ғарышта қалықтаған ғарышкерлерімен қашанда мерейлі. Тәуелсіздік таңы атар шақта ғарыш көгіне самғаған Тоқтар Әубәкіровтен кейін қазақтың тағы бір ұлы – Талғат Мұсабаев көк жүзіне көтеріліп, ел рухын асқақтатты. Ол – ғарыш кеңістігін бағындырған, тәуелсіз Қазақстанның ғарыш саласын қалыптастырған теңдессіз тұлға.

## Ғарышқа самғаған Ғұмыр

Ресей Федерациясының Батыры, Қазақстан Республикасының Халық қаһарманы Талғат Амангелдіұлы Мұсабаев – ғарышқа үш мәрте сапар шеккен санаулы жандардың бірі. Алғаш рет 1994 жылы ғарышқа аттанып, орбитада 126 күн еңбек етті. Екінші сапарында 208 күн көк әлемінде болып, ерік-жігері мен кәсіби шеберліктің айрықша үлгісін көрсетті. Ал үшінші мәрте 2001 жылы ғарышқа көтерілді. Осы үш сапары барысында ол жалпы есеппен бір күнгізбелік жылға жуық уақытын ғарышта өткізді.

Талғат Мұсабаев ашық ғарыш кеңістігіне бірнеше мәрте шығып, онда 30 сағаттан астам уақыт жұмыс

Оның ғарыштағы алғашқы сапары Қазақстанның тәуелсіздік алған тарихи кезеңімен тұспа-тұс келді. Бұл – бір адамның ғана емес, тұтас бір елдің рухани жеңісі еді. Ғарышкер ашық ғарышқа алғаш шыққан сәтін ерекше толқыныспен еске алатын. «Мен Жердің ғарыштан көрінетін гажайып сұлулығына таңғалдым. Люккі ашқан сәттегі қорқыныш бірден таңданысқа ұласты. Сол кезде «Мир» станциясы менің туған жерімнің үстімен ұшып бара жатты. «О, менің Қазақстаным!» дедім ішімнен. Бұл – туған жердің батасы еді», – деп тебірене айтқан еді ол. Талғат Мұсабаев ғарышқа Қазақстанның көк байрағын алғаш



істеді. Бұл – сол кезеңдегі теңдессіз жетістік болатын. Ашық ғарышта бір тәуліктен артық уақыт болған алғашқы адам ретінде оның есімі Гиннестің рекордтар кітабына енді. Ол – егемен Қазақстанның тұңғыш ғарышкері әрі ашық ғарышқа шыққан алғашқы қазақ. Бұл деректер оның есімін ұлттық тарихтың алтын беттеріне қашап жазды.

Ғарышкердің өмір жолы тағдырлы әрі тағылымды оқиғаларға толы. Талғат Амангелдіұлы 1951 жылдың 7 қаңтарында Алматы облысы, Жамбыл ауданына қарасты Үмбетәлі ауылында дүниеге келді. Анасы Салиха Хамидқызы Қарғалы ауруханасында бас дәрігер қызметін атқарса, әкесі Амангелді аудандық «Екпінді еңбек» (қазіргі «Атамекен») газетінде бас редактор Сатыбалды Асановпен бірге журналист болып еңбек еткен.

Талғат өмірге келген күн отбасы үшін ерекше қуанышпен қатар ауыр сынақпен де есте қалды. Нәрестенің дүниеге келуін отбасы атап өтіп отырған сәтте үй кенеттен өртке оранып, сәбиді оттан аман алып қалған екен. Осы оқиғадан кейін анасы оны «ерекше тағдыр иесі» деп санаған. Шынында да, сол бір сын сағаттан аман қалған бала кейін тағдырын биік арманмен байланыстырып, асқақ максаттарға ұмтылған тұлға болып қалыптасты.

Талғат есімінің қойылуы да жай кездейсоқтық емес. Мұсабаевтардың шаңырағына қонаққа келген әскери ұшқыш, Кеңес Одағының екі мәрте Батыры Талғат Бигелдиновтің досы Балшахан Ырысалидин сәбиге осы есімді ұсынған. Бұл ат баланың болашағына жол сілтегендей болды. Талғат он жасынан бастап-ақ өз есімінің тарихын біліп, ұшқыш болуды армандап өсті.

139 фотосурет түсіріп, соның негізінде фотоальбом құрастырған. Кейін бұл альбом Жетісу өңірінің бай қазағына сатылып, ол өз кезегінде генерал-губернатор М.А.Фольбаумға сыйға тартқан.

1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін альбом түрлі адамдардың қолында болып, 1930-жылдары Мырзахан Төлебаев Алматының қара базарынан сатып алып, 1936 жылы қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің кітапханасына өткізеді. Кейін бұл жәдігер А.С.Пушкин атындағы кітапхананың сирек қорына беріліп, бүгінде Қазақстан Республикасының Ұлттық орталық кітапханасында сақтаулы тұр.

Уақыт өте келе кейбір фотосуреттердің өңі солғын тартып, бейнелері көмескілене бастаған. Сондықтан бұл бірегей тарихи мұраны сақтау мақсатында альбомның көшірме нұсқасын жасау аса қажет.

П.А.Лейбиннің 1913 жылы түсірілген фотоальбомының тарихи маңызы зор. Ол XIX ғасыр соңындағы қазақ-қырғыз халқының тұрмыс-салты мен этнографиясы жөнінде мол мағлұмат береді. Қазақтың ұлы ақыны Жамбыл Жабаевтың ең алғашқы фотобейнесі осы альбомда сақталған. Жамбылдың суреті XX ғасыр басындағы ғылыми еңбектерде жарияланған тарихи дерек болып табылады.

Жамбылдың мұрасы – саркылмас қазына. Оның шығармашылық байлығы уақыт өткен сайын құндылығын арттыра бермек.

Бүгінде тарихи фотосуреттер – тек көркем туынды ғана емес, ұлт жадын сақтайтын құнды дереккөз болып табылады. Әсіресе Жамбыл Жабаевтың ең алғашқы фотобейнесі халықтың рухани тарихын көзбен көруге мүмкіндік береді. Бұл сурет арқылы біз ұлы ақынның болмысын, замана тынысын және сол кезеңдегі қазақ қоғамының мәдени келбетін айқын аңғарамыз. Сондықтан мұндай құнды мұраларды зерттеу, сақтау және кейінгі ұрпаққа жеткізу – тарихшылар мен музей қызметкерлерінің ғана емес, барша қоғамның ортақ парызы.

**Нәзира ЕРМЕКҚЫЗЫ,**

Жамбыл Жабаев атындағы әдеби-мемориалды музейінің ғылыми қызметкері.

«Тойға шақырылған ақын-жазушылар: Жамбыл, Кенен, Арғынбай, Бармақ, Үмбетәлі, Өмірзақ, Арқабай, Мамырайым, Сәдібек, Жанақбай, Қарабай, Әбдіқадір, Мұхаметжан, Шәкітай, Жолдыбай, Садық, Шарғын. Қырғыз Оспанқұл, Халық» – деген жазу бар.

Топтасып түскен бұл суреттегі ақындардың нақты орналасуын дәл анықтау қиын. Дегенмен жазбаға сүйенсек, сол жақтан санағанда бірінші – Арқабай, екінші – Үмбетәлі, төртінші – Шарғын, бесінші – Жамбыл. Ал тік тұрған қатарда солдан оңға қарай Әбдіқадір, Кенен, Садық, Жолдыбай орналасқан. Қалған ақындар туралы дерек көрсетілмеген.

Жамбыл – сыншыл ақын болған. 1913 жылғы көрме барысында ол «Өстепкеде» атты сатиралық өлең шығарып, орыс офицерлерінің алдында жалтақтаған болыс-билерді өткір сынады:

Үйсін-Найман саңлағы,  
Өстепкеге жиылды,  
Жолдың ұшып шаңдағы,  
Алматыға құйылды,  
Елде жүрген егейлер,  
Қалада күр үйілді.  
Ұлық көрсен ұйлығып,  
Желді күнгі камыстай,  
Жапырылып иілдің!

Осы көрмеге Жетісу өңірінен келген он бес ақын бірігіп суретке түседі. Бұл тарихи фотосуреттің авторы – П.А.Лейбин.

Жамбылдың домбырашылармен және қобызшылармен бірге түскен осы суреті 1915 жылы Петербургте жарық көрген В.А.Васильевтің «Семиреченская область как колония и роль в ней Чуйской долины» атты кітабында жарияланған. Демек, Жамбыл ағамыз XX ғасырдың бас кезінде орыс баспасөзі арқылы ғылыми еңбектер мен фотоальбомдарда бейнелене бастаған.

1913 жылы бұл көрме өткен тұста Жамбыл Жабаевтың жасы жетпіске таяп қалған еді. Бір ғалымның сөзі бар: адамдар екі түрлі қартаяды – бірі балалық мінезге қайта оралса, екіншісі кеменгерлікке бет бұрады. Жамбыл – екінші жолды таңдаған ақын. Жасының ұлғайғанына қарамастан, сол жылы айтысқа қатысып, дүлдүл ақындардың бәрін жеңіп шығады. Бұл – кездейсоқтық емес, нағыз ұлы ақындықтың күші еді.

П.А.Лейбин қазақ-қырғыз халқының көшпелі тұрмысын бейнелейтін



113 жылдық тарихы бар бұл суреттің қазақ даласына жету жолына үнілер болсақ, талай тағдырлы кезеңдерге куә боламыз.

Жамбыл – ешкімнің қолдауынсыз, табиғат берген дарынының арқасында XIX ғасырдың алпысыншы – жетпісінші жылдарынан бастап ел ішіне кең танылған ұлы тұлға. Қазақ қоғамында көшпелі өмір салты мен тұрақты баспасөздің болмауына байланысты ақындардың шығармалары халық арасына ауызша тарады. Кімнің жүйрік, кімнің мықты ақын екендігін ел іші алыстан-ақ танып отырған.

Ақындық жолда жұлдызы ерте жанғандардың бірі – Жамбыл Жапаұлы. Егер Жамбылдың атақ-даңқы ерте танылмаған болса, 1913–1915 жылдары орыс жазба әдебиеттерінде оның бейнесі жарияланар ма еді? Әлбетте, жоқ.

1913 жылы Ресей патшасы Романовтар әулетінің таққа отырғанына 300 жыл толуына байланысты Алматы қаласында (бұрынғы Верный) Жетісу облысына қарасты Лепсі, Тапал, Жаркент, Верный, Бішкек және Пржевальский (Қаракол) уездерінің қатысуымен ауыл шаруашылығы өндірістік көрме ұйымдастырылады.

Бұл көрмеде Лепсіден бастап Ыстықкөлге дейінгі аумақта өмір сүрген қазақ-қырғыз халықтарының кілем тоқу, киіз басу, зергерлік бұйымдар жасау, алқа, сақина-сырға соғу, киіз үй жиһаздары, ер-тұрман, сал-серілердің киімдері және табиғат көрінісіне ұқсатып тігілген боз үйлері көпшілік назарына ұсынылады.

1913 жылғы ауыл шаруашылығы өндірістік көрме қазіргі Орталық саябақ аумағында ашылып, одан кейін ат жарыс, қыз қуу, балуандар сайысы сияқты ұлттық ойындар қала маңындағы Қаскелең мен Шамалған арасындағы жоталарда өтеді.

Аталған көрмеге қазақ-қырғыз халықтарының атакты ақындары, әншілері, қобызшылары мен домбырашылары шақырылып, халық алдында өнер көрсетеді. Айтыс ұйымдастырылып, бірінші орынды Жамбыл бабамыз алады. Айтыс пен музыкалық өнерден үздік шыққан өнерпаздар ресми төрешілердің шешімімен топтасып суретке түсіріледі.

Музей қорында сақталған бұл фотосуреттің артында:



## АСТАНАДА ӘЛЕМГЕ ӘЙГІЛІ ОКСФОРД УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ АШЫЛАДЫ

2026 жылы Астанада әлемге әйгілі Оксфорд университетінің (University of Oxford) ғылыми-зерттеу институты (Oxford Hub) іске қосылады. Бұл – Оксфорд университетінің тарихында бұрын шетелде мұндай орталық ашылмаған алғашқы жағдай ретінде бағаланып отыр.

Британ университетімен ынтымақтастық Қазақстанның жоғары білім мен ғылыми зерттеулер жүйесін халықаралық деңгейде дамытуға бағытталған. Жоба оқу-ғылыми байланыстарды нығайту, білім беру, тәжірибе алмасу және бірлескен зерттеу бағдарламаларын жүзеге асыруға бағытталған.

Астанадағы Оксфорд хабы отандық академиялық орта мен әлемдік деңгейдегі университеттердің арасындағы тікелей байланыс алаңы болады:

- Университеттің 32 колледжі және шамамен 100-ге жуық зерттеу институтымен серіктестік орнату жоспарланған;

- Білім беру, консалтинг және бірлескен ғылыми жобалар бойынша жұмыс жүргізілімек.

Жобаның басты бағыттарының бірі – қазақстандық студенттер мен ғалымдарға заманауи курстар мен білім беру платформаларына қол жеткізу. Соның ішінде Халықаралық Coursea онлайн-платформасымен ынтымақтастық кеңейтіледі. Oxford Saïd Online бизнес мектебінің курстары жасанды интеллект, технология менеджменті және блокчейн сабақтары бойынша 95-ке жуық қазақстандық университеттің студенттері үшін қолжетімді болмақ.

ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек бұл бастаманы ел үшін маңызды жетістік ретінде сипаттады. Ол өз сөзінде: «Бұл – Оксфорд тарихындағы алғаш рет шетелде осындай форматтағы орталықтың ашылуы», – деді.

Министрдің айтуынша, жаңа институт Қазақстанда ғылым мен білімнің халықаралық

интеграциясын күшейтіп, академиялық ортаға серпін береді.

Кэролайн Уильямс, Oxford Saïd Online атқарушы директоры, Астанадағы хабтың рөлі жөнінде: «Студенттерді білім алу жолында қолдап, аймақтағы академиялық базаны толықтыратын материалдар, қосымша білім, инсайттар және зерттеулер ұсынамыз», деген



еді. Бұл Қазақстанның ғылыми потенциалын жақсартып, студенттер мен зерттеушілерге жаһандық білімдік ресурстарға қол жеткізу мүмкіндігін арттыратынын көрсетеді.

Оксфорд хабы елдегі ғылыми зерттеулер мен білім сапасын жоғарылатуға маңызды әсер етеді. Қазақстан университеттері мен әлемдік деңгейдегі ғылыми орта арасындағы серіктестік артады. Болашақта Оксфорд университетінде тағылымдама, ғылыми стажировка және бірлескен жобаларға қатысу мүмкіндіктері кеңейеді.

Астанада ашылатын Оксфорд университетінің ғылыми-зерттеу институты (Oxford Hub) – Қазақстанның білім мен ғылым сапасын халықаралық стандарттарға жақындатуға бағытталған ірі қадам. Бұл бастама елдің академиялық әлеуетін арттыруға, халықаралық серіктестікті нығайтуға және жастар мен ғалымдарға жаңа мүмкіндіктер ашуға ықпал етпек.

«Атамекен-ақпарат»

## МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН

Мағжан Жұмабаев

Арыстандай айбатты,  
Жолбарыстай қайратты –  
Қырандай күшті қанатты.  
Мен жастарға сенемін!

Көздерінде от ойнар,  
Сөздерінде жалын бар,  
Жаннан қымбат оларға ар,  
Мен жастарға сенемін!

Жас қырандар – балапан,  
Жайып қанат ұмтылған.  
Көздегені көк аспан.  
Мен жастарға сенемін!

Жұмсақ мінез жібектер.  
Сүттей таза жүректер.  
Қасиетті тілектер –  
Мен жастарға сенемін!

Тау суындай гүрілдер,  
Айбынды Алаш елім дер,  
Алтын Арка жерім дер,  
Мен жастарға сенемін!

Қажу бар ма тұлпарға,  
Талу бар ма сұңқарға,  
Иман күшті оларда,  
Мен жастарға сенемін!

Алаш айбынды ұраны,  
Қасиетті Құраны,  
Алаштың олар құрбаны,  
Мен жастарға сенемін!

Мен сенемін жастарға.  
Алаш атын аспанға  
Шығарар олар бір таңда,  
Мен жастарға сенемін!

Жас қалам



## Өмір философиясы

Өмір деген сан тараудан тұратын,  
Шалыс бассаң жүрегіңді жұлатын.  
Сан жолдардан сүрінбейтін жандар бар,  
Бірақ оны ақылы алдап тұратын.

Жүрегіне үңілмейтін адам бар,  
Өз билігі, соған ғана алаңдар.  
Тура жолдан тайып кетсе ол егер,  
Жақындарын білмей жатып жамандар.

Білім, ғылым жетістікке жетелер,  
Білетінді өзіне дос ете гөр.  
Байқаусызда қателесе жақсы жан,  
Өз сенімін мәңгі серік етеді ол.

Жамандықты мақсат етер жаман ой,  
Санасызды адастырар арам ой.  
Бұл дүниеде білім, ғылым іздесен,  
Тек жемісін береді екен саналы ой.

Іңкар АЛМАСХАН,  
Еңбекшіарал орта мектебінің  
10-сынып оқушысы.

## Біртұтас ел – біртұтас жер


Мемлекеттік саясатты Қарулы Күштер қатарында іске асыру, идеологиялық жұмысты біртұтас ері өркендеуші мемлекеттің басты тұжырымдамалық негіздерімен сабақтастыра дамыту мақсатында «Біртұтас ел – біртұтас жер» қағидасы қабылданған болатын. Осы қағида аясында Жамбыл аудандық білім бөлімімен келісілген жоспарға сәйкес, 2026 жылдың 21 қаңтарында Үлгілі орта мектебінде аудандық «Үздік командир – 2026» әскери-патриоттық жарысы ұйымдастырылды. Жарысқа аудан аумағындағы барлық білім беру мекемелерінен 8 аймақ бойынша іріктелген 8 оқушы қатысты. Сайыс 5 кезеңнен тұрды. Әр кезеңде қатысушылар өздерінің жеке қабілеттері мен шеберліктерін жан-жақты көрсете білді. Сайыс барысында оқушылардың түрлі қырлары айқын байқалды. Ақтерек орта мектебі мен Ұзынағаш №2 орта мектебінен келген қатысушылардың ән өнеріне деген ерекше қызығушылығы көрінсе, Ақарсақбаев және С.Оспанов атындағы орта мектеп оқушылары инженерлік ойлау қабілеттері мен робототехника бағытындағы шеберліктерін танытты. Жамбыл орта мектебі мен Үлгілі орта мектебінен келген қатысушылар ұлттық күй өнеріне деген құштарлығымен ерекшеленді. Ал Сүйінбай орта мектебінің оқушысы болашақта кинолог (алабай ит баптау) мамандығын меңгеруге бейімділігін байқатса, Ақсенгір орта мектебінің намысын қорғаған оқушы поэзияға жақындығын танытып, болашақ журналист болуға ниетті екенін көрсетті.

Жарыс соңында қазылар алқасы қатысушылардың өнері мен дайындық деңгейіне қатысты өз ескертулерін айтып, қорытынды шығарды. Марапаттау рәсімінде аудандық білім бөлімінің әдіскері Смахан Илияс Ержанұлы және Жамбыл аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің әскери даярлық және алғашқы әскери дайындық бойынша инспекторы Адилова Алтынғұл жеңімпаздар мен барлық қатысушыларды марапаттады. Аудандық «Үздік командир – 2026» байқауының қорытындысы бойынша I орын – С.Оспанов атындағы орта мектептің оқушысы Сейіт Еламанға бұйырды. Сонымен қатар жарыстың жоғары деңгейде өтуіне мұрындық болған алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні оқытушылары – Жомарт Сауранбаев, Айдар Әбу, Шыңғыс Болатқұлов, Сұлтанбек Джорж, Бауыржан Патхолла, Ардақ Абишев, Ершат Тлеуқұл және Асқар Еспаев жасөспірімдерді отансүйгіштікке, елжандылыққа тәрбиелеу жолындағы қажырлы еңбектері үшін Алғыс хатпен марапатталды.

Мұндай әскери-патриоттық іс-шаралар жас ұрпақтың бойында тәртіп пен жауапкершілікті қалыптастырып, Отан алдындағы парызы терең сезінуге тәрбиелейді.

Алтынгүл ҚОҒАБАЙҚЫЗЫ,

Жамбыл аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің қызметкері.



QR-ды сканерлеп, саулнамаға өт:

"АУДАНДА ЖАСТАРҒА ТАҒЫ НЕ ҚАЖЕТ?"

## Маман кеңесі

Соңғы жылдары көкжөтелге қатысты эпидемиологиялық жағдай қайтадан өзектілікке ие болуда. Бұрын вакцинацияның арқасында бақылауда тұрған бұл ауру кей өңірлерде қайта тіркеле бастады. Көкжөтел, әсіресе, жас балалар үшін өте қауіпті.

## Көкжөтел: балалар денсаулығына төнген қауіп және оның алдын алу жолдары

Көкжөтел – ауыз қуысында, мұрында және көмейде өмір сүретін Bordetella pertussis бактериясы тудыратын тыныс алу жолдарының жұқпалы ауруы. Негізінен балалар ауырады. Көкжөтел жиі мектеп жасына дейінгі балаларда пайда болады, алайда онымен ересектер де ауыруы мүмкін. Бұл ауру әсіресе, бір жасқа дейінгі балаларға қауіпті, емізді нәрестелерге қауіп төндіреді.

Жүзу жолдары және қауіп факторлары

Ауру ауа-тамшылы жолмен таралады. Қауіп топтары: вакцинацияланбаған балалар, 1 жасқа дейінгі нәрестелер, иммунитеті әлсіреген адамдар.

Клиникалық белгілері

Ауру кезең-кезеңімен өтеді: катаральды кезең және спазмдық жөтел кезеңі. Ұстамалы жөтел, құсу, тыныстың тоқтауы байқалуы мүмкін. Алғашқы кезде бала жөтеледі, мұрны өкітіп ұйқысы кәшады, дене қызуы 38,5 – 39°C-қа дейін көтеріліп, тамаққа тәбеті тартпайды. Бірте-бірте жөтелі күшейеді (әсіресе, түнге қарай), 2-3 аптада жөтел жиі ұстағанда бала булығып қысылады, қызарып-көгеріп, көзінен жас ағып, тілі аузына сымай, кейде кіші дәретін де ұстай алмай қалады. Жөтел қақырық түскеннен кейін басылады.

Асқынулары: Біріншіден балада қарапайым суық тиюдің белгілері пайда болады. Мұрынан ағуы, дене қызуының көтерілуі 38-39 градусқа дейін көтеріледі, жөтел күшейіп ұстамалы жөтелге айналады. Осы әлсірететін жөтел ұстамалары кезінде мидың қан айналымы бұзылады, оттегі ашығуы пайда болады. Көкжөтел өкпені зақымдайды – пневмония мидың зақымдануы сияқты асқынулармен қауіпті. Пневмония, бронхит, тыныс жетіспеушілігі, нәрестелерде өлім қаупі.



Алдын алу – вакцинация

АҚДС вакцинасы арқылы жүргізіледі. Ұлттық күнтізбе бойынша 2, 3, 4, 18 ай және 6 жаста егіледі. Санитарлық-эпидемиологиялық шаралар Эпидемиологиялық мониторинг, байланыста болғандарды бақылау, балалар ұжымында санитарлық режимді күшейту.

Көкжөтел – алдын алуға болатын ауру. Вакцинация мен санитарлық мәдениет оны бақылауда ұстаудың негізгі жолы. Көкжөтелдің алдын алу – тек медицина қызметкерлерінің ғана емес, әрбір азаматтың міндеті. Біз өз денсаулығымызға ғана емес, айналамыздағы адамдардың да қауіпсіздігіне жауаптымыз. Сондықтан уақытылы вакцина алу, жеке тазалығы сақтау және сақтық шараларын орындау арқылы бұл қауіпті аурудың алдын алуға болады. Денсаулық – ең құнды байлығымыз, оны бірге қорғайық!

К.ПИЧКУНОВ,

Жамбыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

Мейраш САТОВА,

Жамбыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.

## Көше атауының өзгеруі туралы ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы мәдениет және спорт министрлігінің 2023 жылғы 1 тамыздағы «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» №211 бұйрығының 14-1 бабының 1 тармағына сәйкес, 2026 жылғы ақпан айының 27 күні сағат 10:00-де Жамбыл ауданы, Мәтiбұлақ ауылдық округінің Шилiбастау орта мектебiнiң мәжiлiс залында Шилiбастау ауылындағы теміржол бойындағы «Жамбыл» көшесін Ұлы Отан соғысының ардагері Уразымбетов Мұсахан Әлметейұлының атына өзгерту туралы мәселе қаралатындығын хабарлайды.

Мәтiбұлақ ауылдық округінің әкімшілігі.

ақ сойғаннан кейін жануарды есептен шығару рәсімдерін жасауға болады.

Сонымен қатар, қосымшада саланың соңғы жаңалықтарын тарату мүмкіндіктері, алдағы вакцинация туралы хабарламалар бар. Қосымша жаңартылған сайын ет сатып алушыларға арналған бөлім енгізілетін болады. Ел тұрғындары «soqum.kz» қосымша бетінде тікелей ауыл шаруашылығы тауарын өндіруден жануардың жануарлық ветеринарлық бақылауынан өткен тұтас етіне тапсырыс бере алады», делінген министрліктің хабарламасында.



QR code - App Store

QR code - Playmarket



Қазіргі таңда «TortTulik» қосымшасы Android Playmarket-тен немесе iOS-тағы App Store арқылы жүктеуге болады.

Қорыта айтқанда, «Төрт түлік» мобильді қосымшасы – ауыл тұрғындары мен фермерлер үшін сенімді цифрлық көмекші. Қосымшаны пайдалану арқылы әрбір мал иесі Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласын дамытуға өз үлесін қосады.

Әсем БИМАХАНҚЫЗЫ,

ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Жамбыл аудандық аумақтық инспекциясының бас маманы.



## Мерейлі жас, мәртебелі белес



ИГЕМБАЛЕВА  
Гүлнәр  
Құралбекқызы  
29 қаңтар  
күні 61 жас  
мерейтойын  
және құрметті  
зейнеткерлік  
жасын атап өтті.

Ол ұзақ  
жылдар бойы  
«Қазпошта»  
саласында  
табаны  
еңбек етіп,  
өз ісіне деген  
жауапкершілік  
пен адалдықтың жарқын үлгісі бола білді. Халыққа  
сапамен қызмет көрсетіп, пошта байланысының  
дамуына сүбелі еңбек сіңірді. Кәсіби біліктілігі  
мен адамгершілік қасиеттері әрдайым әріптестері  
тарапынан жоғары бағаланып, сый-құрметке  
ие болды. Ел игілігі жолындағы маңдай тері мен  
қақыры еңбегі лайықты бағаланды.

Бүгінде ол еңбегінің жемісін көріп, отбасының  
шаттығына бөленуде.

Осы қуанышты күні ардақты ардагердің деніне  
саулық, отбасына амандық тілеп, бала-шағаңыздың  
қызығын көре беріңіз деген ажарма лебімізді  
арнаймыз.

«Атамекен» газетінің ұжымы.

## ҚОСЫЛҒАН ҚҰН САЛЫҒЫ

(2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап  
енгізілген өзгерістер)

Тіркеу есебі  
Қосылған құн салығын төлеушіні тіркеу есебіне:  
1) ерікті түрде қою;  
2) міндетті түрде қою;  
3) шартты түрде қою.  
Айналымның шекті шегі – 10 000 АЕК.  
Салықтық өтінші айналымның шекті шегінен асқан  
күннен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Тіркеу есебінен шығару:  
1) салық салудың жалпыға бірдей белгіленген  
тәртібінен арнаулы салық режиміне көшкен кезде;  
2) салық төлеушінің қызметі тоқтатылған немесе ол  
таратылған кезде.

ҚҚС мөлшерлемесі  
Айналымдар мен импортқа ҚҚС – 16 %  
2026 жылдың 1 қаңтарынан – 5%, 2027 жылдың 1  
қаңтарынан – 10%.

1) өткізу бойынша айналымның және импорттың  
мөлшеріне:

- Дәрілік заттар;
- Медициналық бұйымдарды, медициналық  
бұйымдарды жинақтаушыларды, сондай-ақ техникалық  
қосалқы (компенсаторлық) құралдар;
- 2) медициналық қызметтерді, оның ішінде кешенді  
көрсететін қызметтерді іске асыру бойынша салық  
салынатын айналым мөлшеріне.

Отандық мерзімді баспа басылымдарын өткізу  
бойынша айналым мөлшеріне 10% төмендетілген ҚҚС  
мөлшерлемесі белгіленді – 10%.

ҚҚС-тан босатылады:

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі  
және МӘМС шеңберінде, сондай-ақ Үкімет айқындайтын  
тізбе бойынша әлеуметтік маңызы бар ауруларды емдеу  
үшін дәрілік заттарды өткізу және импорттау.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі  
және МӘМС шеңберінде, сондай-ақ Үкімет айқындайтын  
тізбе бойынша әлеуметтік маңызы бар ауруларды емдеу  
үшін медициналық қызметтер көрсету.

Тұрғын үй-жайды (пәтерді) сату немесе жалға беру  
кезінде ҚҚС-тан босату жойылады.

Нөндік ставкасы бойынша айналым жасалған күн –  
тауарларға арналған декларацияны тіркеу күні.  
Бейресидент үшін ҚҚС-ты растау үшін салық  
төлеуші ЭШФ-ны өзіне жазып беруге міндетті.

Есепке жатқызылатын ҚҚС-тың қосымша сомасы – 80%.  
Есепке алу күні – тауарлардың, жұмыстардың,  
көрсетілетін қызметтерді алған күн.

ҚҚС бойынша декларация ұсынылғанға дейін ЭШФ-  
да есепке алғаны туралы белгі қояды.

ҚҚС бойынша декларацияны ұсыну – күнтізбелік  
тоқсаннан кейінгі айдың 15-нен ерте емес және  
күнтізбелік тоқсаннан кейінгі екінші айдың 15-нен  
кешіктірмейтін уақыт.

Мұса БОТАЕВ,

Жамбыл ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер  
басқармасының бас маманы.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Жамбыл ауданы полиция басқармасының  
жеке құраммен жұмыс жөніндегі аға инспекторы,  
полиция капитаны Еңлік Баяхметқызы ішкі  
істер органдарына қызметке қабылдау жүргізіліп  
жатқанын хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер  
министрлігінің Qyzmet-Police.kz цифрлық  
платформасы арқылы полиция қызметіне қабылдау  
үдерісі жаңа деңгейге көтерілді. Енді үміткерлер  
полиция қызметіне онлайн түрде, кезексіз және  
артық құжат жинамай-ақ өтінім бере алады.

Платформа мүмкіндіктері:

- Өзіңізге қолайлы өңірді, бөлімшені және  
қызмет бағытын таңдау;
- Іріктеудің барлық кезеңін онлайн бақылау;
- Ашықтық пен әділдікті қамтамасыз ететін,  
сыйайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмайтын  
заманауи цифрлық жүйе.

Ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында  
қызмет ететін деген азаматтар үшін Qyzmet-Police.  
kz – үлкен мүмкіндік. Болашағыңызды полиция  
қызметімен байланыстырғыңыз келсе, онлайн  
өтінім беріңіз!

[www.qyzmet-police.kz](http://www.qyzmet-police.kz)

# Заң үстемдігі мен әділет жолында

Қазақстан Республикасында жүргізіліп  
жатқан саяси реформалар елдің мемлекеттік  
басқару жүйесін жаңғыртуға, құқықтық мемлекет  
қағидаттарын нығайтуға және азаматтардың билікке  
қатысу мүмкіндігін кеңейтуге бағытталған. Осы  
ауқымды өзгерістердің өзегінде Конституциялық  
реформа жөніндегі комиссияның жүйелі әрі  
мазмұнды жұмысы тұр.

Ел Президентінің Жарлығымен құрылған  
Конституциялық реформа жөніндегі комиссия –  
Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар  
енгізу жөніндегі ұсыныстарды әзірлейтін  
консультативтік-кеңесші орган. Комиссия құрамына  
Парламент депутаттары, Конституциялық сот  
судьялары, Үкімет мүшелері, орталық және  
жергілікті мемлекеттік органдардың басшылары,  
құқықтанушы ғалымдар, сарапшылар, бұқаралық  
ақпарат құралдарының өкілдері мен азаматтық  
қоғам белсенділері енгізілген.

Комиссияның мұндай кең ауқымды құрамы  
қабылданатын шешімдердің жан-жақты  
сарапталып, қоғамның түрлі топтарының мүддесін  
ескере отырып әзірленуіне мүмкіндік береді.  
Бұл – ашықтық пен жариялылық қағидаттарына  
негізделген реформалардың нақты көрінісі.

Комиссияның алғашқы отырысында төраға,  
Конституциялық соттың төрайымы **Эльвира  
Әзімова** жүргізіліп жатқан өзгерістердің мәніне  
тоқталып:

«Қазақстан жаңа саяси кезеңге аяқ басты.  
Алдағы конституциялық өзгерістер мемлекеттік  
билік институттарының тиімділігін арттыруға,  
заң үстемдігін қамтамасыз етуге және  
азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейтуге  
бағытталуы тиіс», – деп атап өтті.

Комиссия отырыстарында ең көп талқыланған  
бағыттардың бірі – заң шығару билігінің құрылымы  
мен өкілеттіктерін жетілдіру мәселесі болды.  
Бұл тұрғыда Парламенттің тиімділігін арттыру,  
оның қоғам алдындағы жауапкершілігін күшейту  
және қабылданатын заңдардың сапасын жақсарту  
жақеттігі айтылды.

Мемлекеттік кеңесші **Ерлан Қарин** комиссия  
отырыстарының бірінде:

«Конституциялық комиссия – жай ғана  
ұсыныстар жинайтын орган емес. Оның басты  
мақсаты – ел болашағына ықпал ететін, уақыт  
талабына сай, теңгерімді әрі негізді шешімдер  
әзірлеу», – деп мәлімдеді.

Оның айтуынша, жаңа Конституция мемлекеттің  
дамуын тек институционалдық өзгерістермен  
шектемей, адам капиталының сапасына, білім мен  
ғылымның дамуына негіздеуі тиіс.

Комиссия жұмысы барысында азаматтардың  
мемлекеттік басқаруға қатысуын арттыру мәселесіне  
ерекше көңіл бөлінді. Осы орайда қоғамдық пікірді  
билдіретін консультативтік институттардың рөлін  
қайта қарау жөнінде ұсыныстар айтылды. Бұл  
бастамалар қоғам мен билік арасындағы өзара  
сенімді нығайтуға бағытталған.

Парламент Мәжілісінің депутаты **Дания  
Еспаева** комиссия жұмысының ауқымына  
тоқталып, бүгінгі күнге дейін **екі мыңнан астам  
ұсыныс** келіп түскенін хабарлады.

## Қоғамдық тыңдау

«KAZSTAR Construction Company»  
ЖШС ҚР, Алматы облысы, Жамбыл ауданы,  
Ұзынағаш ауылдық округі Саурық батыр көшесі  
№ 164-ғимарат мекенжайында орналасқан  
қолданыс-тағы автожолға маңында құю станциясы  
(ЖҚС) үшін «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі  
бойынша жария талқылау арқылы қоғамдық  
тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жобалық құжаттама материалдары  
[www.ndbecology.gov.kz](http://www.ndbecology.gov.kz) порталында қолжетімді  
болады, ескертулер мен ұсыныстар 2026 жылғы  
ақпанның 9-нан бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде  
қабылданады.

Жобаға тапсырыс беруші: «KAZSTAR  
Construction Company» ЖШС (БСН:  
070440014610), Мекенжайы: Алматы қаласы,  
Алатау ауданы, Рысқұлов даңғылы, 103/13 үй, тел:  
8 (727) 383-17-57, e-mail: [asemsabish@gmail.com](mailto:asemsabish@gmail.com).

Жобалаушы: «ЕСО.ПРОЕКТ» ЖК Мемлекеттік  
лицензия № 02465Р, 12.02.2019ж. мекенжайы:  
Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Тимирязев  
көшесі № 42 үй, e-mail: [Aliya\\_86\\_30@bk.ru](mailto:Aliya_86_30@bk.ru)  
тел: 8 701 762 66 12.

ЖАО – «Алматы облысының табиғи ресурстар  
және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы»  
ММ, мекенжайы: Алматы облысы, Қонаев қаласы,  
Құрылысшы к-сі, №12, e-mail: [prigoda\\_alm@bk.ru](mailto:prigoda_alm@bk.ru),  
тел: +7 (72772) 2 32 27.

## НАСЛЕДСТВО

\*\*\* Открылась наследственная масса после смерти г.Алимбетова Куаныша Урынбаевича, 26.02.1976 года рождения, умершего 8 января 2026 года, проживавшего до дня смерти по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, с.Узынағаш, ул.Сағпаева, д. №2 А. Наследников просим обратиться к нотариусу Тегенбаеву Асхату Жайыковичу, по адресу: с.Узынағаш, ул. Сүйінбай 29/8, до 8 июля 2026 года Тел: 8-705-809-00-70.

\*\*\* Открылась наследственная масса после смерти г.Әмірхан Ерасыл Ерланұлы, 21.07.2011 года рождения, умершего 02 января 2026 года, проживавшего до дня смерти в с.Узынағаш, ул.Өтеген Батыр, д. № 79 «А». Наследников просим обратиться к нотариусу Тегенбаеву Асхату Жайыковичу, по адресу: с.Узынағаш, ул.Сүйінбай, дом № 29/8. до 2 июля 2026 года Тел: 8 705-809-00-70.



«Ұсыныстардың көпшілігі азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын кеңейтуге, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етуге және мемлекеттік басқарудың ашықтығын арттыруға бағытталған», – деді ол.

Комиссия отырыстарында атқарушы биліктің өкілеттіктерін нақтылау, мемлекеттік басқару құрылымын ықшамдау мәселелері де қаралды. Бұл ретте Әділет министрі **Ерлан Сәрсембаев** бірқатар ұсыныстарды ортаға салды. Оның айтуынша, Конституцияда Үкімет пен министрліктердің өкілеттіктерін шамадан тыс нақтылаудың қажеті жоқ, бұл басқару жүйесінің икемділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Ал Мәдениет және ақпарат министрі **Аида Балаева** конституциялық реформалардың қоғам үшін маңызын атап өтіп:

«Бұл өзгерістер – әділдікке, заңдылыққа және ашықтыққа деген қоғамдық сұраныстың нәтижесі. Конституциялық реформа елді жаңа сапалы даму деңгейіне көтеруге бағытталған», – деді.

Бүгінде комиссия Конституцияның басым бөлігін қамтитын өзгерістерді талқылау кезеңінен өтіп, ұсыныстарды жүйелеу сатысына жетті. Бұл өзгерістер билік тармақтарының арасындағы тепе-теңдікті күшейтуге, азаматтардың құқықтық кепілдіктерін арттыруға және мемлекеттік институттардың жауапкершілігін нақтылауға бағытталған.

Алдағы уақытта комиссия жұмысының нәтижелері негізінде Конституцияға енгізілетін түзетулердің жобасы әзірленіп, кең көлемде қоғамдық талқылауға ұсынылады. Бұл – реформалардың халықпен бірлесе жүзеге асатынын көрсететін маңызды қадам.

Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның жұмысы – Қазақстанның саяси және құқықтық жүйесін жаңғырту жолындағы маңызды кезең. Комиссия отырыстарында көтерілген мәселелер мен айтылған пікірлер Конституцияны заман талабына сай жетілдіруге, әділетті әрі жауапты мемлекет құруға бағытталған. Бұл реформалар ел дамуының берік құқықтық негізін қалыптастырып, қоғам мен билік арасындағы өзара сенімді нығайтуға қызмет етпек.

Айра РАЙЫМБЕРДИЕВА  
АТАМЕКЕН

## Общественные слушания

ОО «KAZSTAR Construction Company» уведомляет о проведении общественных слушаний в форме публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» для существующей автозаправочной станции (АЗС) на период эксплуатации, расположенной по адресу: РК, Алматинская область, Жамбылский район, с.Узынағаш, ул.Саурық батыр, здание 164.

Проектная документация доступна на портале [www.ndbecology.gov.kz](http://www.ndbecology.gov.kz), замечания и предложения принимаются с 09.02.2026 г. в течение 5 рабочих дней.

Заказчик: ОО «KAZSTAR Construction Company» БИН: 070440014610. Адрес: г.Алматы, Алатауский район, пр. Рыскулова, дом 103/13. тел.: 8(727)383-17-57, e-mail: [asemsabish@gmail.com](mailto:asemsabish@gmail.com)  
Разработчик: ИП «ЕСО.ПРОЕКТ» Государственная лицензия №02465Р от 12.02.2019г. Адрес: г.Алматы, Бостандық район, ул.Тимирязева, дом 42, e-mail: [Aliya\\_86\\_30@bk.ru](mailto:Aliya_86_30@bk.ru) тел.: 8 701 762 66 12.

МИО – ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», адрес: Алматинская область, г.Қонаев, ул.Құрылысшы, №12, e-mail: [prigoda\\_alm@bk.ru](mailto:prigoda_alm@bk.ru), тел.: +7(72772) 2 32 27.

Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік шекарасын қорғау – тек шекарашылардың ғана емес, барша халықтың ортақ парызы. Әсіресе, шекара өңірінде тұратын тұрғындар үшін «Шекараны бүкіл ел қорғайды» қағидасы өмір салтына айналған. Бұл туралы біз бұған дейін де талай мәрте жазғанбыз.

## Қырағылық – шекарашыға ғана тән емес



Ел шебінде қырағылық танытып, шекара бұзушыларды ұстауға көмектескені үшін ерікті жасақшылар әр жылдары шекара басқармалары мен ҰҚК Шекара қызметі басшылығы тарапынан марапатталып келеді. Ал 2025 жылы алғаш рет Алматы облысының шекаралық өңірлеріндегі 30-ға жуық ерікті жасақшы облыс әкімінің ақшалай сыйлығына ие болды. Бұл – олардың еңбегіне берілген зор баға.

Айта кету керек, ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментіне қарасты Райымбек ауданындағы «Нарынқол» шекара бөлімшесінің тарихы 1921 жылдан бастау алады. Яғни, жергілікті тұрғындардың шекарашылармен етене араласып, ел қауіпсіздігіне үлес қосуы – бүгін пайда болған құбылыс емес.

Бұл дәстүрді өңірден шыққан көрнекті жазушы Бердібек Соқпақбаев та өз шығармаларында айрықша атап өтеді. Оның «Бурлы» әңгімесінде шекарашыларға қол ұшын созған ауыл жасақшыларының бейнесі шынайы суреттелген. Демек, «кешегі» мен «бүгінгі» жасақшыларды бөліп-жаруға болмайды – бұл сабақтастығы үзілмеген елдік үрдіс.

2025 жылы Райымбек, Кеген, Ұйғыр және Жамбыл аудандарының малшы, қойшы, диқандарынан құралған ерікті жасақшылар шекара режимін бұзушыларды ұстауға жәрдемдескені үшін марапатталды. Қолында «ерікті жасақшы» куәлігі бар азаматтар тек хабар берумен шектелмей, кейде барлау-ізкесу топтарына жол бастап, таулы аймақтың әрбір сай-саласын жақсы білетін тәжірибесімен де көмектесіп келеді.

Осы орайда, Нарынқолдағы ерікті жасақшылардың абызы атанған, белгілі аңшы Дәулет Дәулетбаевтың еңбегін ерекше атап өткен орынды. Ол саналы ғұмырында талай шекара бұзушыны ұстауға атсалысып, шекарашыларға сенімді серік болды.

Бұған дейін медаль, Алғыс хат, бағалы сыйлықтармен марапатталып келген ерікті жасақшылар енді облыс әкімінің ақшалай сыйлығына да иелене бастады. Бұл – қырағылық пен отаншылдық рухтың шекарашыларға ғана емес, ел шебінде өмір сүріп жатқан қарапайым тұрғындарға да тән екенінің айқын дәлелі.

АЙДӨЛЕТБАЕВА,

ҰҚК Шекара қызметінің  
запастағы подполковнигі.

## НАСЛЕДСТВО

\*\*\* Открылось наследственное дело после смерти Саралиева Дага Ахадовича, 1 января 1932 года рождения, умершего 10 ноября 1995 года. Наследников претендующих на наследство, просим обратиться по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, с.Узынағаш, ул.Караш батыра 112, к нотариусу Камалиевой Гульмире Бекзадаевне, в течение одного месяца с момента выхода газеты с объявлением.

\*\*\* Открылась наследственная масса после смерти Мурсеевой Загиа Корашовны, 16 марта 1951 года рождения, умершей 16 июня 2025 года. Наследников просим обращаться к нотариусу Сыдыковой Сандугаш Канатовне, по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, с.Узынағаш, ул.Саурық батыра 183 «А», в течении месяца с выхода газеты.

\*\*\* Открылась наследственная масса на имущество после смерти Касабекова Асылбека Казтаевича, 25 марта 1955 года рождения, умершего 10 сентября 2025 года. Наследников прошу обратиться к нотариусу нотариального округа Алматинской области Баймбетовой Салтанат Мухаметкалиевне, по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, с.Узынағаш, ул.Караш батыра 115 «А».

\*\*\* Открылась наследственная масса после смерти Уркимбаева Жомарта Рыскулбековича, 30 мая 1952 года рождения, умершего 23 января 2026 года. Наследников просим обращаться к нотариусу Сыдыковой Сандугаш Канатовне, по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, с.Узынағаш, ул. Саурық батыра 183 «А», до 23 июля 2026 года.

\*\*\* Открылась наследственная масса после смерти Алимбекова Кайдилда, 5 мая 1946 года рождения, умершего 9 октября 2025 года. Наследников просим обращаться к нотариусу Сыдыковой Сандугаш Канатовне, по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, с.Узынағаш, ул.Саурық батыра 183 «А», до 9 апреля 2026 года.

\*\*\* Открылась наследственная масса после смерти Алимбекова Жаик Кайдилдаевича, 9 сентября 1981 года рождения, умершего 7 ноября 2024 года. Наследников просим обратиться к нотариусу Сыдыковой Сандугаш Канатовне, по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, с.Узынағаш, ул.Саурық батыра 183 «А», до 20 февраля 2026 года.

\*\*\* Открылась наследственная масса после смерти Сагбаева Танирбергана, 15 апреля 1950 года рождения, умершего 13 марта 2025 года. Всех наследников просим обратиться к нотариусу Тегенбаеву Асхату Жайыковичу, по адресу: с.Узынағаш, ул. Сүйінбай 29/8, до 1 марта 2026 года. Тел: 8-705-809-00-70.

• Газет – 2017 жылғы қарашаның 9-да Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігі, байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінде тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттік және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке алу туралы № 16738-Г Куәлігі берілген.

## «ЖАМБЫЛ АТАМЕКЕН» ЖШС

Директор  
Айнабекова М.Б.  
Бас редактор  
Әйгерім ӘБУ  
Дизайнерлер  
Мадина Тоқтасынова  
Айнұр Қойкелова

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: 040600, Ұзынағаш ауылы, Мақатаев көшесі, 164 «А» үй. Телефондар: бас редактор – 2-44-28, 2-44-29, жалпы бөлім – 2-44-25, есепші – 2-44-27, факс-8 (72770) 2-44-28  
Электрондық пошталары: [Atameken1932@bk.ru](mailto:Atameken1932@bk.ru)  
• Осы шығарылымның таралымы – 7000 дана. Тапсырыс – 5 (201)  
• Индекс – 65264. Көлемі – 2 баспа табақ.  
• Газет аптасына бір рет, сенбі күні шығады.  
• Суреттердің сапасына редакция жауапты.  
• Жарнама, хабарландыру берушілер оның мазмұны мен мәтіні үшін өздері жауапты.

• Газетке жарияланған кейбір суреттер мен мәліметтер интернет жүйесінен алынды.  
• Газетте жарияланған мақалаларды редакцияның жазбаша рұқсатынсыз жазуға болмайды.  
• Автордың пікірі – редакцияның түпкілікті көзқарасы емес.  
• Газет редакцияда компьютермен теріліп, «Алматы-Болашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында офсеттік тәсілмен басылады.

Тел: 378-42-00, факс: 378-36-76.

Алматы қаласы, Сәбит Мұқанов көшесі, 223 «Б».